

2009 жылға арналған нысаналы топтарды және нысаналы топтардағы адамдарға әлеуметтік жұмыс орындарын құратын кәсіпорындардың тізімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 1250 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 15 қаңтарда N 5-9-94 тіркелді. Күші жойылды Глубокое аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 05 қаңтардағы N 395 қаулысымен

Ескерту . Күші жойылды - Глубокое аудандық әкімдігінің 2010.01.05 N 395 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 31-бабы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149-ІІ Заңына, халықтың нысаналы топтарын әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шараларды белгілеу мақсатында «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Глубокое аудандық әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Нысаналы топтарға енгізілсін:
аз қамтылған адамдар;
жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі балалар;
кәмелеттік жасқа толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыз басты, көп балалы ата-аналар;
Қазақстан Республикасының заңдарының тәртіптерімен белгіленген асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет ететін адамдары азаматтар;
мүгедектер;
бас бостандығынан айыру немесе мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан келген адамдар;
оралмандар;
әйелдер;

50 жастағы және одан үлкен адамдар;
есірткіге тәуелді тұлғалар;
ВИЧ – жұқтырған азаматтар.

1-1. Жол картасы бағдарламасын іске асыру шегінде нысаналы топтарға
қ о с ы м ш а е н г і з і л с і н :

- 1) мектептер және кәсіптік оқу мекемелерінің түлектері;
- 2) өндіріс ұйымдастыруындағы өзгертулерге, оның ішінде қайта құру және (немесе) жұмыс көлемін қысқартуға байланысты толық емес жұмыс уақытында
ж ұ м ы с і с т е й т і н д е р ;
- 3) еңбек ақысы сақталмайтын демалыстағы адамдар;
- 4) жазғы демалыстағы студенттер;
- 5) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін адамдар (бір жылдан астам).

*Ескерту. 1-тармақ 1-1-тармақшамен толықтырылды – Глубокое ауданы
әкімдігінің 2009.06.04 N 185 қаулысымен.*

2. Нысаналы топтардағы адамдар үшін әлеуметтік жұмыс орындарын
құратын кәсіпорындардың келісілген қосымша тізімі бекітілсін.

2-1. Жол картасы бағдарламасын іске асыру шегінде қосымша әлеуметтік
топтардағы адамдарға әлеуметтік жұмыс орындарын құратын кәсіпорындар
тізіміне әлеуметтік маңызды жұмыстар жасайтын кәсіпорындар енгізілсін.

*Ескерту. 2-тармақ 2-1-тармақшамен толықтырылды – Глубокое ауданы
әкімдігінің 2009.06.04 N 185 қаулысымен.*

3. Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008
жылы 18 қаңтарда № 5-9-76 болып тіркелген («Огни Прииртышья» газетінің
2008 жылғы 15 ақпандағы № 7 санында жарияланған) «Нысаналы топтарды және
нысаналы топтардағы адамдарға әлеуметтік жұмыс орындарын құратын
кәсіпорындардың тізімін белгілеу туралы» Глубокое аудандық әкімдігінің 2007
жылғы 24 желтоқсандағы № 628 қаулысының күші жойылған деп саналсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
В. В. Лаптевке жүктелсін.

5. Қаулы ресми жарияланған бірінші күннен кейін 10 күнтізбелік күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Глубокое ауданының әкімі Д.Бейсембаев

Г л у б о к о е а у д а н д ы қ
ә к і м д і г і н і ң қ а у л ы с ы м е н
1 8 желтоқсан 2 0 0 8 ж . № 1 2 5 0
бекітілген

**Жұмысқа орналастыру үшін нысаналы топтарға кіретін жұмыссыздар
үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құратын
кәсіпорындардың тізімі**

	Кәсіпорындардың аталуы	Жұмыс орындарының саны
1	ЖШС «Өндірістік–Комерциялық фирма «Шахан–Ата»	6
2	ЖК Богомолова Раиса Виленовна	5
3	ҚЖ Барс	4
	Барлығы	15

«Глубокое аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы М. Пономарева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК